



Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университеті

Зоотехнология, генетика және селекция кафедрасы

5В080200 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру  
технологиясы мамандығындағы студенттерге арналған

**ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫ ӨТУ  
ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМА  
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Практика өту жөне  
бағдарлама және  
нұсқауды бекіту п



Павлодар

7.18.3/22

Форма  
Ф СО ПГУ

**Қазақстан Республикасының оқу және білім министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**

**БЕКІТЕМІН**

**ОІ жөніндегі проректор**

\_\_\_\_\_ Пфейфер Н.Э.  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_ж.

5В080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығындағы студенттерге өндірістік практиканы Павлодар облысының ауылшаруашылықтарында өтуі үшін

**БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Бағдарлама мамандықтың ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚР МЖМБС 5.04.\_\_\_\_2009 және ҚР МЖМБС 5.03.005-2009 «Қазақстан Республикасының білім жүйесі. Кәсіби практика. Негізгі ережелер» негізінде жасалды

Құрастырушы: аға оқытушы \_\_\_\_\_ Абельдинов Р.Б.

Зоотехнология, генетика және селекция кафедрасы

Зоотехнология, генетика және селекция кафедрасының мәжілісінде ұсынылды  
Хаттама №\_\_\_\_ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Бурамбаева Н.Б.

Агротехнологиялық факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданды  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж. Хаттама №\_\_\_\_

ОӘК төрайымы \_\_\_\_\_ Жагипарова М.Е. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж.

**КЕЛІСІЛДІ:**

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Бексеитов Т.К. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж.

**МАҚҰЛДАНДЫ:**

КПЖТЕОБ бастығы \_\_\_\_\_ Шабанова Д.М. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж.

ЖЖӘҚБ бастығы \_\_\_\_\_ Варакута А.А. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_ж.

### **Кіріспе**

Жоғары оқу мектебінің алдына қойған негізгі міндеттер жоғары квалификациялы мамандарды дайындау, олар ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін меңгеріп, алған білімдерін ауылшаруашылық комплекстерінің алға қойған міндеттерін практика жүзінде іске асыру. Алға қойған міндеттердің көпшілігі студенттердің біліміне қарай оқу және шаруашылық практикалардың өту көлеміне байланысты жүзеге асады.

**Практиканың негізгі бағыттары:** шаруашылықта алынған іс-тәжірибелермен, білімін шыңдай түсу, сонымен қатар теориялық оқуларды ауылшаруашылық мекемелерінде жұмысты талдай білуге үйрену.

Дұрыс және ұйымдастырыла білген практика таңдап алынған мамандыққа сүйіспеншілігін арттырады және оқу орнын бітіргеннен кейін өзінің өмірін мал шаруашылығына жұмсауға кепілдік береді.

Шаруашылық практикасына беру алдында студенттер практикаға іс-сапар куәлігін жетекшісінен жеке тапсырма алады. Практика өтетін орынға келгенде, студент міндетті түрде зоотехник, бригадир және көмекші сияқты жұмысшы қызыметін атқарады, ол міндетті түрде шаруашылық басшысымен, бас зоотехниктің бақылауымен жүзеге асуы тиіс. Студент шаруашылық мамандарымен қатар орындалатын жұмысқа жауапты болады.

Практика кезінде студент күнделік жүргізеді, оған қоғамдық және шаруашылық жұмыстарының орындалуы, көлемі және қорытындылары мен мазмұндары жазылады

Шаруашылық практикасының соңында студент күнделік және есеп жазады. Есепте, күнделікте шаруашылық басшыларының қолымен бекітіледі.

Оқу жылының басынан апта бойы студент келесі практика басталғанға дейін кафедраға есеп өткізіп отырады. Есеп тексерілгеннен кейін студент институт директорының бөлінуімен комиссия құрылып есеп қорғалады.

Жұмысты қорытындылап баға қоюдың алдында; шаруашылық мінездемелеріне, баяндаманың сапасына, есептің мазмұнымен дұрыс жазылуына, сұраққа жауап берді, практика кезінде студенттің іс әрекетті ескеріледі.

# **I. ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

## **1.1. ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ, ОНЫҢ МАЗМҰНЫ**

Өндіріс жағдайында студенттерді ауылшаруашылық өндіріс кешендерімен таныстыру және ауылшаруашылық маманы, шаруа қожалығының басшысы ретінде өз жұмыс жүргізу қабілетін арттыру және диплом жұмысын жасауға алған тақырыбына материалдар жинау.

**Өндіріс практикасы** 3-4 курста Павлодар облысының ауыл шаруашылық құрылымдарында жетекшісінің басшылығымен өтеді.

Практика мерзімі-10 жұма.

### **Практика мақсаты:**

Мақсаты: Шаруашылық жағдайымен студенттерді таныстырып, өз бетімен зоотехниктің жұмысын атқаруға уйрету, одан жиналған материалдарды дипломдық жұмысты орындауда зерттеу жұмысына қолдану.

- ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру технологиясын меңгеру;
- органикалық және минералдық тыңайтқыштарды қолдану әдістерін меңгеру;
- ауыл шаруашылығы дақылдарының ауруларын тудыратын мекемелердің зиянды жұмыстарына қарсы қорғаныс іс-шараларын жүргізу;
- дала-зертханалық зерттеулерін жүргізу;
- ауыл шаруашылық техникасы және агрегаттармен жұмыс жасау үшін технологиялық және техникалық әдістерді меңгеру;
- өндірістік және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу технологиясы бойынша білімді тереңдету және бекіту;
- өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді және оларды қайта өңдеу салаларында ұйымдастыруда дағдыларды қалыптастыру;
- өндірістік қызметтің нәтижелілігін талдау, есептеу, басқару және жоспарлауда білімді тереңдете түсу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету;
- дипломдық жұмыстың бекітілген тақырыбы бойынша материалдарды жинау;

- зерттеу нәтижесінде алынған қорытындыларды шаруашылықта алдын-ала талдау.

#### **Практиканың міндеті:**

Шаруашылықта алынған практикалық тәжірибелерді теориялық біліммен ұштастырып тереңдете білу, шаруашылықтағы менеджмент, мекеме, есеп және еңбек ақысы туралы сұрақтармен танысу.

Өз мамандығы бойынша студенттердің білімдерін соңғы технологиялармен және нарықтық экономикасы жағдайында менеджмент сұрағы бойынша есеп және еңбекақыны ескере отырып ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде тереңдету және жетілдіре түсу.

Кафедрада оқылатын жалпы және арнаулы пәндер бойынша алынған теориялық білімдерін өндірісте шыңдау және бекіту, соның нәтижесінде дипломдық жұмысты жазу барысында ғылыми- зерттеу әдістерін қолдану және ғылыми әдебиеттерді оқу. Өндірістік практиканың мазмұны диплом жұмыстарының тақырыптарымен анықталады.

#### **Пререквизиттер:**

1. Ірі қара шаруашылығы, ет
2. Шошқа шаруашылығы
3. Қой шаруашылығы, қой етін, жүнін және елтірісін өндіру технологиясы
4. Құс шаруашылығы, құс өнімдерін өндіру технологиясы
5. Жылқы шаруашылығы, жылқы етін, сүтін өндіру технологиясы

#### **Постреквизиттер:**

1. Дипломдық жұмыс.

## **II. ПРАКТИКАНЫҢ КҮНТІЗБЕК ГРАФИГІ**

<b>Орындайтын жұмыс түрлері</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Орындал атын күндері</b>	<b>Жұмыс орны</b>
Сиырды сауу, оны азықтан-дыру мен бағып - күтуді ұйымдастыру	Буаз, қысыр сиыр топтарын, бұзаулайтын қоралардағы сиырлар мен құнажындарды, төлдер топтарын бағып-күту		
Шошқа алықтарын азықтан-дыру және бағып күту.	Буаз шошқа аналықтарын және торайлар мен аналықтарды азықтандыру мен күтудің технологиясы		

Қозылап жат-қан аналық қойларға және әлсіз қозылар-ды алғаш азықтануына көмек	Қозыларды қосымша азықтандыру.Қозыларға және аналықтарға ен салу, сакман құру және қозыны есепке алу.	21.03 –нен 24.04-не дейін	Павлодар облысының ауылшаруа шылық құрылымдарында
Биенің құлын-дауын, үйір ішінде шағылы-су үрдістерін бақылау, сипаттау.	Буаз биелер және құлынды биелерді бақылау және мінез-құлқының этологиясын сипаттау.	31.01-нен 06.03- не дейін	
Азықтандыру межелерін құру. Жұмыртқаны алғаш өңдеу. Инкубация режимін бақылау	Құрамаазықтарды (комикорм) құруды ұйымдастыру. Жұмыртқаны алғаш өңдеу. Инкубация режимін бақылау		

### III. ПРАКТИКАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ:

#### Сүт және ет бағытындағы мал шаруашылығы

Студент мал шаруашылығы малдарға берілетін азықтармен, олардың құрылымымен көрсеткіштермен жас ерекшеліктерімен танысып олардың өнім сапасына баға беріп, сиырларды тұқымдандыруға 100 сиырдан қанша бұзау алатындығын анықтау, аналық сиырды қолдану, олардың сүт беруі; олардың ішінде машинамен сауылатындары және малдардың азықтарының талдап, рацион құра білу, бактериалық және механикалық зарарсыздандыруды, сүттің қышқылдығын және тығыздығын анықтау.

Студенттерауру тудыратын ауруларды болдырмау туралы алдын ала шараларды орындаулары қажет.

Еңбекпен шаруашылық өнімділігін көбейту үшін, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп сүт пен еттің сату бағасын көтеру.

Шаруашылық малдарына зоотехникалық, экономикалық әдістермен талдау жасау.

Жас малдарды етке өткізуді жоспарлау. Жас малдарды өлшеу және бағалау.

Айдан кейін азықтардың шығынын есептеу. Алғашқы зоотехникалық есепті кіргізу. Бақылау сауылымдарын ұйымдастыру және өткізу. Мал шаруашылығы ұйымдарымен төлем ақы. Азықтардың сақталуы және

қолданылуымен танысу. Жазғы азықтандыру, жайылым жасыл жерлерді дұрыс таңдау.

Малдарды өсірудің шаруашылық әдістерін сүтті шығаруда пайдалана білу және технологияларын білу.

### **Шошқа шаруашылығы**

Шошқалардың жағдайын, құрылысын, фермаларда азық қорының жеткілікті болуын қамтамасыз ету. Жоспарлардың дұрыс құрылуы олардың орындалуын қадағалау. Шаруашылықтағы аналықтарды пайдалану және одан жылына алынатын өнімдерді санау.

Шошқаларды бонитировкамен және асылдандыру жұмыстарын қорытынды бойынша өткізу.

Арнайы азықтандырылған шошқаларды төмен өнімін тапсыру. 1 ц. Шошқаның өзіндік құнын төмендетіп шаруашылықтағы еңбектерді көтеру. Шошқа шаруашылығында азықтық әдістер кіргізіледі.

### **Қой шаруашылығы**

Қой өнімдерін шаруашылықта өндіру технологиясымен танысу. Азықтандыру базасы және азықтың мөлшерін жазып отыру. Қой шаруашылығының нәтижелілігі. Қой шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын төмендетіп еңбек ақыны көтеру.

Қойларды бағу кезінде зоотехникалық талдау жасау. Жүн қырқуды өткізу және ұйымдастыру. Жүннің қырқылуын жылдамдату. Жүнді қырқу және топтастыру (классировка) жасау, сапалы талдау және оның қорытындылары. Малдарды етке өткізуге дайындау. Жалпы шаруашылық бойынша және жеке фермалар бойынша жоспарлар құрып, есеп беру.

Ұрықтандыру жұмыстарын көтеріп, қойдың басын көбейту және жүннің сапасын аттыру. Қойлар арасындағы кең таралған ауруларға қарсы алдын алу шараларын жасау.

### **Құс шаруашылығы**

Құс өнімдерінің шаруашылық технологиясымен танысу. Құс шаруашылығының бағыты. Тіршілік құрамы. Әртүрлі топтағы және әр түрлі бағыттағы құстардың өнімділігі. Бір құсқа кеткен азықтар оның өзіндік құны. Өнімділікті көтеріп және өнімнің өзіндік құнын төмендету. Асылдандыру жұмыстарының әдістерімен танысып ұйымдастыру.

Азықтық база. Азықтарды дайындау және беру. Рацион құрып ауылшаруашылық құстардың барлық түрлеріне өнімділігі жоғары сапалы жем дайындау.

Құс фермаларындағы және арнаулы шаруашылықтағы технологиялық процестерді пайдалану және байланысын көрсету. Жас құстарды өсіру шараларын жасау. Құстарды бонитировкалау, құстарды бөлу, асылдандыру және шаруашылық, цехтар бойынша жоспарлар мен есептерді құру. Алдын-ала күрес шараларын жүргізу. Құс шаруашылығындағы жұмысшыларға еңбек ақы төлеу.

### **Жылқы шаруашылығы**

Шаруашылыққа қажетті жұмысшы жылқыларды таңдап алып, танысу және қолдану. Жұмысшы аттарды асылдандыру жағдайлары. Шаруашылықта тасымалдау жұмыстарына бөлу. Жылқыларға жағдай жасап, жас жылқыларға есеп жүргізу. Құлындарды дұрыс өсіру. Ат шаруашылығын жақсартуды ұйымдастыру. Жылқыны шаруашылықта қолдану және есептеу. Жылқы шаруашылығындағы етті жылқыларды өсіру, оны етке өткізу.

### **IV. ПРАКТИКА БӨЛІМДЕРІН ОРЫНДАУҒА НҮСҚАУ:**

Студент өндірістік практикаға кетер алдында практикаға бағыт, іс-сарап куәлігін және практика жетекшісінен жеке тапсырма алады. Практикаға барған жерінде студент агроном, бригадир, көмекшілер, есепшілер лауазымында тікелей бас (аға) агроном немесе шаруашылық басшысының жетекшілігімен жұмыс жасағаны дұрыс. Студент атқаратын жұмыстарына шаруашылық штатындағы жұмысшылармен бірдей жауапкершілікте болады.

Практика жетекшісімен бірге студент практиканың бар кезеңіне және күнделікті істелінетін мекеме жұмыстарына жоспар жасайды. Ол өндірістік кеңестерге, шаруашылықты басқару мәжілістеріне, жалпы жиналысқа қатысуы керек, сондай-ақ шаруашылықтағы қоғамдық жұмысқа белсене араласып, күнделікті практика бағдарламасы бойынша жиналған материалдарды өңдеп, қарап отыруы керек.

### **V. СТУДЕНТТІҢ МІНДЕТІ, ЕСЕП БЕРУ ҚҰЖАТТАРЫН ТОЛТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Студенттің міндеті:

- жеке тапсырмаларды орындау, практика күнделігін толтыру;
- ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау;
- ЖОО-ғы практика жетекшісіне мекеме жетекшісінің қолы қойылған жеке тапсырманы орындағаны жөніндегі практика күнделігін, жазбаша есебін, баға қойылған мінездемесін өткізуі керек;
- практика қорытындысы бойынша есебін кафедра мәжілісінде қорғау.



Есептің алғашқы бетіне практика жөніндегі құжаттар (іс-сапар куәлігі, жолдама түбіртегі, күнделік), одан есептің мәтіні тігіледі. Әдебиет тізімінен кейін, парағының саны көрсетілген практика мазмұны тіркеледі.

Есепке практика жөніндегі негізгі құжаттардың көшірмесі және нұсқасы, фотосуреттер тіркеледі. Есепке ауыл шаруашылық мекеме жетекшісінің сын пікірін міндетті түрде тігуі керек. Өндірістік практика есебі сол жағынан 30 мм, оң жағынан 10 мм, астыңғы және үстіңгі жағынан 10 мм қалдырылып, А4 формат бетіне жазылады. Есеп түсінікті қолжазбамен, біркелкі сиямен, парақтың бір жағына ғана жазылуы керек. Есептің барлық парағы, кесте, иллюстрациялар араб санымен, оң төменгі бұрышына жазылады. Тақырыпшалар қою шрифтімен бөлектеніп жазылады. Мәтінде жазылған кестелер бөлек араб санымен нөмірленеді, № белгісі қойылмайды. Оң жаққа «Кесте» нөмірімен жазылады да, оған симитрично кестенің аталуы жазылады, содан соң Кесте өзі орналастырылады. Мәтінде кестенің нөмірі көрсетіліп, оған түсініктеме беріледі, кестенің ішінде міндетті түрде қайталанбайтын сан арқылы мәтіндік талқылау жазылмауы керек.

## **VI. ПРАКТИКАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ**

Студенттің оқу практикасының нәтижесі жөніндегі есебі, мінездемесі, күнделігі практика жетекшісімен тексеріліп, кафедра меңгерушісі өкімімен бекіген комиссия мүшелерінің алдында қорғалады да, есебі кафедраға өткізіледі. Есептің қоғау нәтижесі балдық-рейтингтік әріп жүйесіндегі дифференциалдық есеппен бағаланады.

### **V. БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ:**

Қорытынды баға қойылғанда төмендегі критерийлер ескеріледі:

- практика есебінің жазылу сапасы;
- берілген материалдардың орналасу логикасы мен реттілігі;
- есеп көлемінің берілген межеге сәйкестігі;
- есепті қорғаудың сапалық деңгейі;
- қойылған қосымша сұрақтарға жауабы.

Практика есебі бойынша біліміне қорытынды баға беру:

- берілген талап бойынша есепті жазуға- 30 балл;
- есепті қорғағаннан кейінгі біліміне баға беру- 60 балл;
- қосымша сұрақтарға берген жауабына-1 балл.

### **VI. БІЛІМДІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

Бағаларды шкаламен бағалау білімді өлшеу құралы болып табылады. Бағаларды шкалалық бағалау балды-рейтингтік әріп жүйесіне негізделген.

Баллдың сандық эквивалентіне, бағаның пайыздық құрамы және дәстүрлік бағаға сәйкес бағаларды әріптік жүйеде көрсететін балды-рейтингтік әріп жүйесі он бір балдық шкаладан тұрады.

Әріптік жүйенің бағасы болып білім деңгейіне байланысты А(ең жоғары баға) -дан F (ең төменгі баға)-ға дейін. ағылшын тіліндегі әріптер алынған.

Баллдың сандық эквиваленті болып 1,0-ден 4-ке дейін есептелеетін дұрыс және 0- қанағаттанарлықсыз бағаларға сандық жүйедегі арап сандары алынады.

Бағаның пайыздық құрамы пайызбен анықталады. Бұл үшін дұрыс бағалар 50% -тен 100%-ті , қанағаттанарлықсыз баға –0- ден 49%-ті алады.

Дәстүрлік баға төртбалды шкалада «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» бағадан тұрады.

Студенттерге ақырғы нәтиже емтихан өткен күні емтихан комиссиясы мүшелерінің кеңесінен кейін жарияланады.

- егер алған баллы 90 – 100 –ді құраса «**өте жақсы**» бағасы қойылады;

- егер алған баллы 75 – 89- ды құраса «**жақсы**» бағасы қойылады;

- егер алған баллы 50-74-ті құраса «**қанағаттанарлық**» бағасы қойылады;

- егер алған баллы 0-49 –ді құраса «**қанағаттанарлықсыз**» бағасы қойылады.

## **VII. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Арзуманян Е.А., Бегучев А.П., Георгиевский В.И. и др. Животноводство. Учебник.-М.:Колос, 1985.
2. Дмитриев Н.Г. и др. Частная зоотехния и промышленное животноводство. Учебник.- М.: Колос., 1981.
3. Каримов Ж.К., Даленов Ш.Д., Найманов Д.Е. Скотоводство.-Костанай, 1996.

4. Админ Е.А., Азимов С.П., Богданов Г.А. и др. Промышленное производство молока и говядины. Монография.- М.: Колос., 1984.
5. Арзуманян Е.А. и др. Скотоводство. Учебник.- М.: Колос.,1984.
6. Джапаридзе Т.Г. и др. Овцеводство. Учебник.-М.: Колос.,1983.
7. Красников А.С. и др. Коневодство. Учебник.- М.: Колос, 1978.
8. Ладан П.Е. и др. Свиноводство. Учебник.- М.:Колос,1978.
9. Арынов А.,Апушев А.К. и др Ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау және өңдеу технологиясы. Ақмола, 1994.
10. Джапаридзе Т.Г. и др.- Овцеводство. М, Колос, 1983г
11. Николаев А.И., Ерохин А.И. – Овцеводство. М, Агропромиздат
12. Модяков А.В. – Кормление овец. М, Колос,1978г.